

Қазақстан халқы Ассамблеясының он жетінші сессиясын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 25 сәуірдегі № 59-ө Өкімі

Қазақстан халқы Ассамблеясының он жетінші сессиясын шақыру туралы»
Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 18 наурыздағы № 469 өкіміне
с ә й к е с :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясына қатысушыларға Мемлекет басшысының атынан ресми қабылдау өткізуге арналған шығыстарды 2011 жылға арналған республикалық бюджетте 001 «Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін .

2. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Президенті Өкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығына (келісім бойынша) жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов